



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 05 қаңтардағы
№ А-1/1 қаулысымен
бекітілген



Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
білім бөлімі Өлеңті ауылының жылпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Өлеңті ауылының жылпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Өлеңті ауылының жылпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020811 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Өлеңті ауылы, М.Мәметова көшесі, 1а.

2. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Ерейментау ауданы білім бөлімінің «Өлеңті орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі – Мектеп) білім қызметін жүзеге асыру мақсатында мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық формасында құрылған, заңды тұлға дәрежесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

1.2. Мектептің құрылтайшысы: Ерейментау ауданының әкімдігі.

1.3. Мектептің мүлігіне қатысты құқық субъектісінің қызметін жүзеге

асыратын орган, сонымен қатар, өкілеттік орган - «Ерейментау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

1.4. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

1.5. Мектеп 2015 жылғы 27 тамыз айынан Ерейментау ауданы әкімдігінің

қаулысымен құрылды.

1.6. Мектептің толық атауы: Ерейментау ауданы білім бөлімінің «Өлеңті орта

мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.7. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020811, Ақмола облысы,

Ерейментау ауданы, Өлеңті ауылы, М.Маметова көшесі, № 1а
.тел:8 (716) 33 36-1-83.

2. Заңдық мәртебесі

2.1. Мектеп мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана заңды мекеме құқығына ие болып, құрылды деп есептелінеді.

2.2. Мектептің өзіндік балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай, банктерде есепшоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде Мектептің атауы жазылған Қазақстан Республикасы Елтаңбасы бейнеленген мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі бар.

2.3. Мектеп басқа заңды мекеме құра алмайды, сонымен қатар оның құрушысы да бола алмайды.

2.4. Мектеп оперативті басқару құқығы негізінде берілген жеке мүлікке ие, өзіне жүктелген міндеттемелер бойынша өз құзырындағы ақша үшін жауапты. Келісім шарттағы міндеттемелер бойынша, мектеп жауапкершілікке мектепті қаматамасыз ету бойынша бекітілген смета шеңберінде ие болады. Мектепке ақша жетіспеген жағдайда,

оның міндеттері бойынша алмастырушы жауапкершілік Құрылтайшы органға жүктеледі.

2.5. Мектептің азаматтық-құқықтық келісімшарттары Қазақстан Республикасы

Қаржы Министрлігінің территориялдық қазына бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін өз күшіне енеді.

2.6. Мектеп қызметі мемлекеттік стандарттар негізіндегі білімнің тегін берілу

принципінде білім беру процесінің үздіксіздік және оқыту әдістерінің алуан түрлілігі принципінде құрылады.

2.7. Мектеп білім қызметін жүзеге асыру, заңмен белгіленген жеңілдіктерді

пайдалану құқына оған сәйкес лицензия берілген күннен бастап ие болады. Мектеп өз түлектеріне олардың білім дәрежелері туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру құқығына мемлекеттік аккредитациядан өткен сәттен бастап ие болады. Мектеп мемлекеттік аккредитация мен аттестациядан ҚР «Білім туралы» Заңымен бекітілген тәртіпте өтеді.

3. Мектеп қызметінің мәні, міндеттері мен мақсаттары

3.1. Мектеп қызметінің мәні:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру стандартын жүзеге асыру;

2) бірыңғай тәрбие мен білім беру процесін жүзеге асырушы Мектептегі

шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыруға септігін тигізетін оқу-тәрбие процесінің мазмұны, формасы және әдістері;

3) оқушылардың физикалық және эмоционалдық жағдайларының жақсы

болуын қамтамасыз ету, тұлғаның үйлесімді жетілуі үшін отбасымен өзара қарым-қатынас орнату;

4) білім берудің жоғары нәтижесін көрсететін білім беру бағдарламаларын және педагогикалық технологияларын жүзеге асыру;

5) баспа өнімдерін шығару арқылы, ақпарат кеңістігін кеңейту;

6) заңға сәйкес ата-аналардың өтініштері бойынша қосымша ақылы білім

беру қызметтерін көрсету;

7) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық жәрдемінің көрсетілуі.

8) әр түрлі деңгейде оқытуды іске асыру, соның ішінде коррекциялы-үдетпелі сыныптарды оқыту

3.2. Мектеп қызметінің басты мақсаты – қазіргі заман талаптарына сай жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнының міндетті минимумын игерту, ойлау процестері мен рефлексия дағдыларын дамыту, қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дамыту.

3.3. Мектеп қызметінің негізгі принциптері:

1) барлығының сапалы білім алуға деген құқысының теңдігі;
2) зиялы, гуманистік және дамытушы сипаты білім берудің, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының приоритеті;

3) адамның құқығы мен бостандығын құрметтеу;

4) деңгейлері өзара сабақтас білім беру процесінің үздіксізділігі;

5) оқыту, тәрбиелеу және дамытудың бірлігі;

6) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесінің ашықтығы.

3.4. Мектепте діни бірлестіктердің құрылуы және жұмыс істеуі рұқсат етілмейді.

3.5. Мектеп қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика

жетістіктеріне негізделген тұлғаның қалыптасуы, дамуы мен маман ретінде жетілуіне бағытталған сапалы білім алуға қажет жағдайларды жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық қабілеттерін дамыту,

адамгершіліктің берік тұғыры мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдайлар жасау арқылы оның ақыл-ойын байыту;

3) өз Отанына, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін, патриотизм

мен азаматтық сезімдерін, мемлекеттік символдар мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін кез келген құбылыстарға деген төзімсіздік сезімін тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық рухтағы тұлғаны тәрбиелеу; қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысуға деген қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен борыштарына саналы түрде қарауын қалыптастыру;

5) Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне ортақтастыру; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихы мен салт-дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік тілді, оған қоса орыс және басқа да шет тілдерін меңгеру;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік деңгейлерін көтеру;

7) қоғам мен экономиканың талаптарына сай келетін білім берудің сапасын

бағалайтын ұлттық жүйенің қызмет етуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді қолдану;

9) мүмкіншіліктері шектеулі азаматтардың білім алуына арнайы жағдайлар

жасау;

10) оқытудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру

бағдарламалары мен педагогикалық технологиялардың жасалуы және іске асырылуы;

11) баланың өзін шығармашыл және дарынды тұлға ретінде көрсететін

шығармашылықты дамытатын жеке бағдарламаларды жасау;

12) балаларды өзін-өзі дамыту және өзін-өзі оқыту қажеттілігін қалыптастыру;

3.6. Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР

«Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасындағы тәрбиелеу Концепциясын, жалпы білім беретін мекемелер туралы Типтік Ережелерін, ҚР орта білім берудің мемлекеттік стандартын, ҚР білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеудің Кешендік бағдарламасын, ҚР Үкіметінің, жергілікті басқару органдары мен барлық деңгейдегі білім басқармасының органдарының шешімдерін, Құрушы және Өкілетті органдардың бұйрықтары мен өкімдерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

3.7. Мектепке оның Жарғысындағы қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін жұмыстар жүргізу және келісімшарттар жасау рұқсат етілмейді.

4. Білім беруде жүзеге асырылатын оқу бағдарламалар тізбесі

4.1. Мектептің білім беру бағдарламалары негізгі (базалық) және қосымша(дамытушылық) нұсқалардан тұрады.

4.2. Мектеп білім берудің мемлекеттік оқу бағдарламаларын мемлекеттік стандартқа сай жүзеге асырады.

4.3. Бастауыш білім берудегі жалпы білім берудің оқу бағдарламалары баланы тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетіне деген оң мотивациясы мен ептіліктерін дамытуға бағытталады: негізгі мектептегі білім беру бағдарламаларын игеру үшін оқу, жазу, есептеу дағдыларын, тілдік қарым-қатынас жасау тәжірибесін, шығармашылық қабілеттерін және мәдени мінез-құлқын дамытуға бағытталады.

4.4. Негізгі орта білім берудегі жалпы білім берудің оқу бағдарламалары оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруіне, оларда жоғары тұлғаралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеттерін қалыптастыруға, өз мамандық бағыттарын анықтауға бағытталады.

4.5. Жалпы білім берудің оқу бағдарламасы оқушыларды алдын ала өз мамандық бағытына даярлауға бағытталады.

- шағын орталығында мектепке дейінгі тәрбиелеу;
- 0 саты – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
- жалпы бастауыш білім;
- жалпы негізгі орта білім;
- жалпы (толық) орта білім;

Бірінші саты оқушылардың дамуын, олардың оқу, жазу, есептеуді үйренуінің негізгі дағдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оқу кезінде өзін – өзі бақылап, сөйлеу мен жүріс-тұрыс мәдениетін қарапайым дағдыларын, адамның гигиенасы мен салауатты өмір салтының алғашқы негіздерін игеруді қамтамасыз етеді. Бастауыш білім жалпы негізгі білім алудың базасы болып табылады.

Екінші саты оқушылардың мектеп бағыты бойынша тереңдетіліп оқытылатын жалпы негізгі білім беру бағдарламасын игеруге қамтамасыз етеді, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуға оның қызығушылық қабілетінің әлеуметтік бейімделуіне және жалпы орта толық білім, бастауыш және орта кәсіптік білім алудың базасы болып саналады.

Мектепте күндізгі түрде негізгі жалпы білім алу оқушының он сегізге дейінгі жасымен шектеледі.

Үшінші саты жалпы білім беретін бағдарламаның соңғы кезеңі болып табылады, Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу

бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. Жалпы орта білім білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді.

Жағдай болса, білім алушылар немесе ата-аналардың сұранысы бойынша Мектеп әртүрлі бағыттар немесе бейіндік оқулар бойынша оқытуды енгізе алады.

4.6. Оқушыларды аралық аттестаттау.

1) Оқушыларды аралық аттестаттауда сапалық («сыналды», «сыналмады»), сондай – ақ бес балды 5 – «өте жақсы», 4 – «жақсы», 3 – «қанағаттанарлық», 2 – «қанағаттанарлықсыз», - 1 – «оқыған жоқ» деген бағалау жүйесі белгіленеді.

2) Оқушыларды аралық аттестаттау және көшіру емтихандарының түрі мен тәртібі Мектеп директоры бекіткен жылдық күнтізбелік оқу кестесі негізінде белгіленеді.

3) 2- 11 сынып оқушылары барлық пәндер бойынша тоқсан аяқталғанда, ал

1 сынып оқушылары I жартыжылдық аяқталғанда бағаланады.

4.7. Оқушыларды қорытынды аттестаттау.

1) Мектепте негізгі жалпы және орта (толық) білім алудың жалпы білім алу

бағдарламалары «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін, оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің типтік ережесіне» сәйкес жүргізілетін мектеп бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

Қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен мектеп бітірушілерге мемлекеттік үлгі бойынша Мектеп мөрімен расталған куәлік немесе аттестат беріледі, ал өте алмағандарға – тыңдалған курстар туралы анықтама беріледі.

4.8. Оқушыларды келесі сыныпқа көшіру тәртібі.

1) Оқу жылы бағдарламасын толық меңгерген , көшіру және қорытынды

емтихандарын ойдағыдай тапсырған оқушылар Мектеп директорының бұйрығымен және мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі.

2) Сондай – ақ оқу жылы қортытындысы бойынша бір пәннен академиялық берешегі бар оқушы келесі сыныпқа шартты түрде көшіріледі. Берешегін жою жауапкершілігі, келесі оқу жылы бойы ата-аналарға (заңды тұлғаларға) жүктеледі.

3) Жалпы негізгі білім алу сатыларының оқу бағдарламасын екі немесе

одан да көп пәндерден меңгере алмаған оқушылар қайта оқуға қалдырылады немесе (ата-аналарының (заңды тұлғалардың) қалауы бойынша) білім кемшіліктерін толықтыратын сыныптары бар басқа мектептерге көшіріледі.

4) Оқушыларды көшіру Мектептің Педагогикалық кеңесі шешімімен

жүзеге асырылады.

5) Алдыңғы деңгейдің жалпы білім беру бағдарламасын меңгере алмаған

оқушылар келесі білім сатысына жіберілмейді.

4.9. Оқушылардың сабақ кестесі.

1) Оқу жылы бірінші қыркүйектен бастап басталады.

2) Оқу жылының, оқу аптасының ұзақтығы, каникул өткізу мерзімі мен

ұзақтығы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен белгіленеді.

3) Мектеп алты күндік оқу аптасы бойынша жұмыс істейді. Сабақтың ұзақтығы 45 минут.

4) Оқу жылының ұзақтығы 34 аптадан кем болмайды. Каникулдың ұзақтығы

оқу жылы барысында 30 күнтізбелік күннен, ал жазда – 8 аптадан кем болмайды. Бірінші сынып оқушыларына қосымша 1 апталық демалыс беріледі.

5) Сабақ тәртібі, сабақтың ұзақтығы және сабақ арасындағы үзілістер,

директордың бекіткен сабақ кестесімен және күн тәртібімен белгіленеді.

4.10. Оқу топтарының саны және толықтығы.

1) Мектептегі сыныптар саны, азаматтардың берген арыздары санынан және

білім беру процесін жүзеге асыруға жасалған жағдайларға байланысты санитарлық нормаларды ескере отырып Құрылтайшының келісімімен Директордың тиісті бұйрығымен белгіленеді.

2) 1-11 сыныптарда қазақ тілі орыс тілінде оқитын сыныптарда, 3-11 сыныптарда орыс тілі қазақ тілінде оқитын сыныптарда және 1-11 сыныптарда шет тілдері, 5-11 сыныптарда технология, дене шынықтыру, информатика және бейіндік пәндер , 5-11 орыс сыныптардағы қазақ әдебиетінен сабақ бергенде, сынып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру стандартына сәйкес, екі топқа бөлініп оқытылады.

5. Мектепке қабылдау тәртібі

5.1. Мектепке қабылдау тәртібі сәйкес түрдегі оқыту мекемелеріндегі қабылдаудың типтік ережесімен орнатылады.

5.2. Мектепке ағымдағы оқу жылының 1-қыркүйегіне дейін 5 жасқа толған

балалар мектепалды даярлық тобына, 6 жасқа толған балалар 1 сыныпқа қабылданады. Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау үшін келесі құжаттар қажет: ата-аналар мен оларды ауыстырушы адамдардың өтініші, баланың туу туралы куәлігі, баланың денсаулығының жағдайы туралы дәрігерлік анықтама, мекен-жай туралы анықтама, фото, ЖСН, құжаттарының көшірмелері. Әр балаға жеке іс және үлгерім табелі рәсімделеді. Мектепке қабылдау директордың бұйрығымен рәсімделеді.

5.3. Мектептегі жалпы білім беру сыныптарына Мектеп тұрған аймаққа кіретін ықшам аудандағы барлық балалар қабылданады. Балаларды қабылдау мектеп директорының бұйрығы, ата-аналардың жазбаша өтініштері және қабылдау комиссиясының ұсынысы негізінде өтеді.

5.4. Мектепке қабылдау 17 жас мөлшерімен шектеледі.

5.5. Мектеп оқуға түсушілер мен ата-аналарды (заң өкілдері) Жарғымен және білім беру процесін реттейтін Мектептің басқа да құжаттарымен таныстырады.

6. Білім беру процесінің ұйымдастырылу тәртібі

6.1. Мектептегі оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік

стандартына сай өңделген оқу жоспарларына, оқу бағдарламаларына, Мектеп директорымен бекітілген мемлекеттік оқу жоспары мен тақырыптық жоспарға сәйкес құрылады.

6.2. Мектептегі оқыту және тәрбиелеу процесі қазақ, орыс тілінде жүргізіледі.

6.3. Мектеп Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген шеңберде

оқытудың түрлері, әдістері және құралдарын таңдауда дербес деп саналады.

6.4. Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуының негізі Мектеп жүзеге

асыратын оқу тәрбие процесінің жоспарлануы мен есепке алынуы болып табылады.

6.5. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарларымен, бағдарламаларын

уақытылы және сапалы орындалуын, толық көлемде қамтамасыз етуді көздейді.

6.6. Мектептегі оқу-тәрбие процесін жоспарлау оқу жылына оқу-тәрбие

процесінің графигін, теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

6.7. Мектептегі оқу-тәрбие процесін есепке алу оқытуды есепке алу журналының және оқу бағдарламаларын орындауды есепке алу табельдерінің жүргізілуі арқылы жүзеге асырылады.

6.8. Білім мен ғылымды кіріктіру, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын жасау және енгізу, Мектептегі педагогикалық жұмысшылардың санаттарын жоғарылату мақсатында Мектепте оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады.

6.9. Мектептегі тәрбие беру бағдарламасы білім үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриотизм, азаматтылықты, интернационализм, мораль және адамгершілікті қалыптастыруға, сонымен қатар оқушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған.

6.10. Мектепте жалпылай мойындалған халықаралық құқық және гуманизм принциптеріне қарама-қайшы келетін нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздықты насихаттау, милитаристік және басқа идеяларды тарату, сонымен қатар діни атрибуттары көрсетілген киім киюге тиым салынады.

6.11. Оқу-тәрбие беру үрдісі оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройларын құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

6.12. Оқушыларға физикалық, моральдық және психикалық зорлық зомбылық жасауға рұқсат етілмейді.

6.13. Әскерге шақырылу не әскерге шақырылуға дейінгі жасындағы

оқушылардың басауыш әскери дайындығы Мектепте Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіп бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

6.14. Мектептегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына

және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6.15. Мектепте жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сай мемлекеттік

тіл ретінде қазақ тілі, сонымен қатар орыс тілі және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай шет тілдерінің бірі оқытылады.

6.16. Мемлекеттік және орыс тілдері ұлттық бірыңғай тестілеудегі пәндердің тізбесіне кіретін міндетті пәндер болып табылады.

6.17. Оқыту процесі оқытудың әр түрлі формалары қолданылатын сабақтар жүйесі болып табылады: жеке, ұжымдық, топтық, өз бетінше.

6.18. Оқу жүктемесі, оқушылардың сабақтарының режимі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың, білім беру және денсаулық сақтау органдарының оқу жоспарлары мен ұсыныстарының негізінде дайындалған Мектеп бекіткен ережелермен анықталады.

6.19. Оқу жылының мерзімі, демалыс өткізу мерзімдері мен оның ұзақтығы жылдық күнтізбелік кестесінде көрсетіледі. Мектеп директоры бекітетін сабақ кестесі мен күн тәртібінде сабақ кестесі құрылады. Сабақтар екі ауысымда өткізіледі. Оқушылармен жеке жұмыстары, сыныптан тыс жұмыстар кесте бойынша сабақтан тыс уақытта өткізіледі.

6.20. Мектептегі сынып саны оқушылардың санына және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға жасалған жағдайларға, сонымен қатар санитарлық нормаларды сақтауға байланысты.

6.21. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес оқушылар талапқа сай мектеп формасын киюі міндетті болып табылады.

7. Білімді ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестациядан өткізу жүйесі, оларды өткізу формасы және тәртібі.

7.1. Оқушылардың білім берудің оқу бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында Мектепте оқушылардың үлгерімдерін ағымдық бақылаудан және аралық аттестациядан өткізу жүргізіледі.

7.2. Оқушылардың үлгерімдерін ағымдық бақылаудан және аралық аттестациядан өткізудің мерзімі мен тәртібін, формасын таңдау Мектептің еркінде.

7.3. Оқу бағдарламасын жақсы игерген және аттестациядан жақсы нәтиже көрсеткен оқушылар директормен бекітілген, мектеп кеңесінің шешімімен келесі сыныптарға көшіріледі. Оқу бағдарламаларын жақсы игерген және оқу жылын «өте жақсы» және «жақсы» деген бағамен аяқтаған оқушылар сыныптан сыныпқа аралық аттестациясыз Мектептің Педагогикалық кеңесі шешімі бойынша көшіріледі.

7.4. Аралық аттестациялау оқушылардың білім деңгейін тексеру және

бақылаудың міндетті формасы болып есептеледі. Аралық бақылаудың мазмұны мен тәртібін ұйымдастыру мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен реттеліп, директормен бекітіледі.

7.5. Аралық аттестациялау кезінде бағалау баллдық жүйемен іске асады, сонымен қатар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша екі деңгейдегі «сыналды» «сыналмады» деген баға қоюға рұқсат етілген.

7.6. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларының игерілуі оқушылардың міндетті қорытынды аттестациядан өтуімен аяқталады.

7.7. Жалпы және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларының игерілуі «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін, оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің типтік ережесіне» сай іске асатын түлектердің міндетті қорытынды аттестаттаудан өтуімен аяқталады. Мектеп бітірушілерге қорытындылау аттестаттауын өткен соң білім деңгейі туралы мектептің мөрімен расталған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

7.8. Оқушыларды қорытынды аттестациялау Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе мемлекеттік емтихан түрінде жүзеге асырылады.

7.9. Білім беру мекемесі кәмелеттік жасқа толмаған оқушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарын және басқа да заңды өкілдерді оқу-тәрбиелік жұмысының тәртібімен және мазмұнымен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

8. Оқушыларды оқудан шығару тәртібі мен негіздемелері

8.1. Оқу бағдармалары бойынша екі немесе одан көп пәнді игере алмаған

оқушылар қайтадан оқуға қалдырылады немесе жазғы каникулға тапсырма алады. Жалпы білім бағдарламасының алдыңғы деңгейін игермеген оқушылар келесі сатыға жіберілмейді (тек психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық комиссиядан өткендер мен бекіту-анықтамасы барлар ғана жіберіледі.)

8.2. Мектептен оқушыны шығару директордың бұйрығымен жасалады;

- Ата-аналардың (заңды өкілдер) қалауы бойынша басқа мектепке бермек болғанда немесе басқа оқыту түрін таңдағанда.

8.3. Жетім немесе ата-ананың қамқорлығысыз қалған балаларды мектептен шығару қорғау мен көмек органдарының келісімімен іске асырылады.

9. Ақылы білім беру қызметін ұсыну тәртібі мен қызметтер тізімі

9.1. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру бойынша және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асырудан қалатын ақшаны жұмсау бойынша қосымша ақылы білім беру қызметтерінің тәртібі туралы» бекітілген Ережесі негізінде, ҚР «Білім туралы» Заңына және ата-аналардың қалауына сәйкес Мектептің оқу бағдарламасына қосымша ақылы білім беру қызметі жүйесі қосылады.

9.2. Мектеп жалпы оқыту, білім беру стандарттар талаптарынан тыс келесі тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) ақылы қызметтер туралы келісімшартқа тұруымен ақылы түрде мына қызметтерді көрсетуге құқылы:

- қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту, спорт, мәдениет және өнер

саласындағы қызығушылықтар мен қабілеттердің дамуы, мамандардың біліктілігін жоғарлатуы);

- оқу жоспары мен бағдарламасында анықталған пәндер бойынша (пәндер

мен пәндер циклі) сабақтан тыс уақытта белгілі оқушылармен қосымша сабақтарды ұйымдастыру;

- оқушылардың пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклі) ғылымнегіздерін терең оқуды ұйымдастыру;

- әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу: спорттық жарыстар, семинарлар, жиналыстар, оқушылар мен педагогикалық қызметкерлер, үлкен жастағы адамдар арасындағы конференциялар, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиетін құрастыру және іске асыру;

- білім беру мекемелерінде өтетін түрлі іс-шаралар қатысушыларын тамақтандыруды қамтамасыз ету, жазғы демалысты ұйымдастыру;

- кәсіптік біліктілігін ұйымдастыру (техникалық қызметкерлердің біліктілігін жоғарлату мен қайта даярлауы).

9.3. Ақылы білім беру қызметін беретін Мектеп оқушымен, оның ата аналары мен басқа заңды өкілдерімен келісімшартпен реттеледі.

Шартқа тұру уақытында оқу жылдың барлық шығындарын бір сәтте төлесе, оқу жылдың аяғына дейін шарт бағасы тұрақты болады. Оқудың ақшасы кезеңмен төленсе, онда төлеу сомасы жылда 1 рет жалақының өсуіне байланысты инфляция индексін ескеруімен өзгеруі мүмкін.

9.4. Ақылы қосымша білім беруден түскен қаражаттар оқу үрдісіне пайдаланылады, соның ішінде оқу құралдарын, әдебиеттерін алуға, оқушылардың еңбегін төлеуге, педагогтардың еңбегін қосымша төлеу және мектеп қызметкерлерін материалдық көмекпен қамтамасыз ету қызметі.

10. Ата-аналар мен басқа заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

10.1. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері құқылы:

1) баланың жеке және дара ерекшеліктеріне, қалауына сай білім беру мекемесін таңдауға құқылы ;

2) ата-аналар комитеттері арқылы Мектепті басқару органдарының жұмыстарына қатысуға құқылы;

3) өз балалардың оқу үлгерімі, тәртібі, оқу жағдайы жайлы мәліметті алуға құқылы;

4) психологиялық-әдістемелік-педагогикалық кеңестерде өз балалардың оқу-тәрбие мәселелері бойынша кеңес алуға құқылы;

5) келісімшарт негізінде балалардың қосымша қызмет алуы құқығы бар.

10.2. Оқушылардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері міндетті:

1) балалардың оқуға, өмір сүруге қауіпсіз жағдайларын қалыптастыруға, физикалық және интеллектуалды дамуын қамтамасыз етуге, адами тұлғасын қалыптастыруға міндетті;

2) жалпы білім беру мектепалды дайындығын қамтамасыз етуге міндетті;

3) білім беру мекемесінің Жарғысындағы ережелерді орындауға міндетті;

4) мектептегі балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

11. Мектепті басқару

11.1. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрушы және басқару органдар жүзеге асырады.

11.2. Құрушы және басқару органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Ерейментау ауданы әкімдігінің мектеп мүлкін, мемлекеттік негізгі қорлары мен айналымдағы қаражаттарды оперативтік түрде басқаруды бекіту;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекіту;

3) мектепке берілген мүліктердің тиімді пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

4) мектепті басқару органдарының мерзімі мен тәртібін, құрылымын анықтайды, шешімдерді қабылдайды;

5) мектепті басқаратын өкілетті органдардың қызмет ету мерзімін белгілеу, қалыптастыру тәртібін, құрылымын анықтау, шешім қабылдау тәртібін анықтау;

6) мектептің шектеулі штаттық саны мен құрылымын бекіту;

7) мектеп директоры мен орынбасарларының ұсынысы бойынша қызметке қабылдау және жұмыстан босату;

8) мектептің жылдық қаржылық есебін бекіту;

9) мектепті қамтамасыз ететін сметаны бекіту;

10) заңмен белгіленген басқа да қызмет түрлерін іске асыру.

11.3. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Құрушы және басқару органдар Мектепті басқаратын директорды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

11.4. Директор мектептің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

11.5. Директор бірегейлік принципке сүйенеді және Мектептің қызметіне қатысты мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарлыққа сәйкес өз құзырлығы шеңберінде шешеді.

11.6. Директор Мектептің қызметіне қатысты мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасының тәртібіне сәйкес шешеді:

1) мектеп атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдар және басқа мекемелерде мектептің өкілі болады;

3) келісімшарттарды жасайды;

4) сенімхаттарды береді;

5) іс-сапарлар, тәжірибе алмасу сапарларының тәртібі мен жоспарларын және мектеп қызметкерлерін қазақстандық оқу орындарында оқыту, біліктілігін арттыру жұмыстарын бекітеді;

6) банктік шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар береді;

8) мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасының тәртібіне сәйкес мектеп қызметкерлеріне марапаттау және тәртіптік жазалау, басқа деңбек тәртібін бұзу үшін шаралар қолданады;

10) Өзінің орынбасарлары мен басқа да қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттілігін анықтайды;

11) өкілетті орган мен жоғары тұрған білім беру органдардың шешімдерін, бұйрықтарын және өкімдерін орындайды;

12) мектептің Педагогикалық кеңесін басқарады;

13) басқаратын кәсіпорындармен байланыс жасайды;

- 14) қаржылық-шаруашылық қызметті бақылайды;
- 15) заңмен, жарғымен және өкілетті органмен жүктелген басқа қызмет түрлерін іске асырады.

11.7. Мектепте алқалық басқару органдары бар: Мектеп кеңесі, Педагогикалық кеңес, Ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңесі.

11.8. Мектептің кеңесі бірдей санмен құрылған, оған мектептің оқытушылары, қызметкерлері, оқушылар мен олардың ата-аналары кіреді. Кеңес құрамына мектеппен қызметтестік қатынаста болғысы келетін қоғамдық ұйымдар кіруі мүмкін. Мектептің құзырлығы мектептің оқу-тәрбие үрдісінің жалпы бағыттарын анықтау, Мектептің жұмыс тәртібін жасау, ішкі тәртіп Ережелерін жасау, ғимаратты қорғау, оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру, еңбек ұжымында болатын дау-жанжалдарды шешу, қосымша білім беру тәртібін ұсыну, әкімшілік пен педагогикалық есептерді тыңдау.

11.9. Мектептің педагогикалық кеңесі Мектептің әдістемелік басқаруды іске асырады және оқу бөлімінің меңгерушілері мен оқытушылары арасынан құрылады. Педагогикалық кеңесті Мектеп директоры басқарады. Педагогикалық кеңес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын (формалар, әдістер мен тәсілдер) анықтайды, жеке оқу жоспарларын бекітеді, оқушылардың үлгерімі, оқушылардың мінез-құлқы мен аттестаттау мәселелерін, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, озық тәжірибелерді тарату, педагогикалық қызметкерлерді марапаттауды ұсынады, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді.

11.10. Ата-аналар комитеті бір жыл мерзімге жалпы мектептік ата-аналар жиналысында тағайындалады. Комитет құрамындағы мүшелер саны ата-аналар жиналысында сыныптардың санының ескерілуімен ата-аналарының, басқа заңды өкілдерінің шешімімен жасалады. Ата-аналар комитетінің мүшелері: директор мен педагогикалық кеңестің қарауына мәселелерді ұсынады, мектептің тәрбие жұмысын жақсарту бойынша сынып жетекшілерінің ұсыныстарын қарастырады, оқушылардың жаман қылықтары мен тәртіп бұзушылықтарын болдырмау жұмыстарын атқарады, оқушылардың денсаулығы сақтауды мен тамақтануды ұйымдастырады.

11.11. Қамқоршылық кеңесі білім беру саласында өкілетті органның шешімімен құрылады. Келесі қызметтерді атқарады: Мектептің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ұсыныстар жасау; Мектеп дамуының басым бағыттары бойынша ұсыныстар жасау; Мектептің оқыту – тәрбиелеу, ғылыми – зерттеу және шарауашылық қызметі мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау, білім беру әдістемелерін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, сонымен қатар оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелері; Мектепке Мектептің жарғылық мақсатын жүзеге асыруға көмектесу, сонымен қатар білім алушыларға және педагогикалық ұжымға білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған қажетті жағдай жасау; демеушілік көмекті тарту арқылы қаржылық қолдауды қамтамасыз етуге атсалысу; демеушілік, қолдаушылық және басқа да көмектерді үлестіру; Мектеп бюджетінің жобасын алдын ала қарап ұсыныстар жасап келісу және қалыптастыру; Мектеп қызметі туралы Мектеп басшысы және оның орынбасарларының жұмыс туралы есебін тыңдау; жұмыскерлерге, қосымша қаржы көздерінен қарастырылған қаражат көлемінде, Мектеп басшысына, оның орынбасарларына, лауазымдық қызмет ақыларына үстемеақы, сыйлыақы және материалдық көмек көрсету; Мектептің құрылымдық бөлімшелерін құру немесе жабу туралы ұсыныстар енгізу. Қамқоршылық кеңес мүшесінің талабы бойынша Мектептің жұмыскерлері (құрылымдылық бөлімшелері) Қамқоршылық кеңестің құзіретіне қатысты сұрақтар бойынша мәліметтерді беріп тұруға міндетті.

12.Мектептің мүлкін қалыптастыру тәртібі

12.1. Мемлекеттік мекеменің мүлігі заң тұлғасының активтерінен құралады, олардың құны мектеп балансында көрінеді. Мемлекеттік мекеме мүлігі мыналар арқылы қалыптасады:

- 1) жеке меншік иеленушінің берген мүлігі;
- 2) өз бетімен іскерлік арқылы тапқан мүлігі (ақшалай табысты есептегенде);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы емес басқа табыс көздері.

12.2. Мектептің смета арқылы берілген қаражатына алынған мүліктерді сатуға, сыйлауға құқығы жоқ.

12.3. Қазақстан Республикасының заңдарында Мектепке табыс әкелетін іскерлікті жүргізуге құқығы болса, сол іскерліктен болған ақша тиісті бюджетке есепке алынады.

12.4.Мектептің мүлкі Ерейментау ауданы әкімдігі берілген мүлік негізінде, негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттар қарайды.

12.5. Жетекші органның Мектепке берілген мүлкі оған оперативті басқару құқығында, мемлекеттік коммуналдық меншікке жатады.

12.6. Мектептің материалды-техникалық қоры жергілікті бюджет арқылы құрылған құрылтайшымен берілген қаражаттар құрайды. Мектептің мүлкі оперативті басқару құқығында берілген, мемлекеттік коммуналдық меншік түріне жатады. Мектеп өзіне тиесілі мүлікті иеленуге және пайдалануға құқылы.

12.7. Мектеппен бюджеттік қаражаттар арқылы іске асырылған әрекеттерінен түскен мүліктер мектептің балансында тіркеліп, мемлекеттік меншікке жатады. Мектеп өз алдына осы мүліктерді пайдалануға құқығы жоқ.

12.8. Мектеп бухгалтерлік есеп жүргізуге және ҚР «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» заңдарына, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру бойынша ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізуге міндетті;

12.9. Мектептің қаржылық-шаруашылық іскерлікті тексеру мен ревизия жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілетті органмен өткізіледі

13. Жұмыс тәртібі

13.1. Мектептегі жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы болмай, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай болуы тиіс.

14. Штат пен мектеп қызметкерлерінің еңбегін төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

14.1. Мектеп пен қызметкерлер арасындағы еңбек қарым-қатынастары еңбек туралы заңға сүйене отырып, жеке еңбек шартына сай реттеледі. Педагогикалық ұжым бос орын негізде құрылады.

14.2. Мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Мектеп Жарғысымен, ішкі тәртіп Ережелерімен және қызметтік нұсқаулармен анықталады.

14.3. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары:

- 1) Кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай туғызу;
- 2) Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын сақтау жағдайында, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін еркін таңдау;
- 3) Ғылыми зерттеулердің тақырыбын өз алдына және оларды

педагогикалық практикада қолдану;

4) Мектепті басқару органдарына қатысу;

5) Өндірістен қол үзіп, бес жылда бір рет өз біліктілігін арттыру;

6) өз дәрежесін көтеру мақсатында және қызметте өсу үшін мерзімінен

бұрын аттестаттаудан өту,

7) 56 күнтізбелік күндік мерзіміне төленетін демалыс алу;

8) Жеке педагогикалық қызмет;

9) өзінің кәсіби ары мен ұятын қорғау;

10) ойлау қабілетін қорғау;

11) мектеп әкімшілігі шығарған бұйрықтар мен өкімдер бойынша арыз жасауға құқылы.

12) Педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін қаржылай және моральды түрде марапатталуға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтің басқа

да педагогикалық формалары.

14.4. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің міндеттері:

1) оқушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген деңгейлерге сай білім беру дағдыларын қалыптастыру;

2) оқушылар мен тәрбиеленушілер жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету және шығармашылық қабілеттерін анықтау;

3) өз біліктілігін арттыру;

4) педагогикалық әдеп нормаларын ұстану;

5) оқушылар мен тәрбиеленушілерді сыйлау;

6) салауатты өмір салтын кешу және оны оқушылар мен тәрбиеленушілер арасында насихаттау.

14.5. Мектеп қызметкерлерінің еңбек төлемінің жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталады (ҚР Үкіметінің 2002ж.11.01. болған № 41 « Мемлекеттік қызметшілер болып саналмайтын мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлердің еңбегін төлеу жүйесі туралы» Қаулысы).

14.6. Мектеп қызметкерлерінің еңбегін төлеу жүйесіне мыналар кіреді: мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлердің лауазымды еңбекақы, ҚР Үкіметімен белгіленген, ҚР заң актілерімен көрсетілген өтемақы, еңбек шартына байланысты қосымша құндар.

14.7. Мектеп қызметкерлерінің лауазымды еңбек ақылары (ставкалары) мұғалімнің мамандық бойынша жұмыс өтіліне және

лауазымына сай топқа жататындығы, қай қызметте жүргендігі барлығы ескеріле отырып, есептеуге арналған лауазымды еңбекақысы белгіленген коэффициентке көбейтіліп анықталады.

14.8. Қосымшалар мен қосымша ақшалар лауазымды еңбек ақыдан есептеледі, ал басқа да қосымша құндар бірайлық жалақыдан алынады, өтемақы көлемі ҚР нормативтік актілеріне сай анықталады.

14.9. Мектептің педагогикалық қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі ҚР заңнамасымен, мұғалімдер біліктілігін ескеру арқылы реттеледі

14.10. Мектептегі еңбекті ұйымдастыру қызметкерлерге кепілдік беру принциптері негізінде, ҚР заңмен белгіленген әлеуметтік-экономикалық құқықтары негізінде жасалады.

15. Мектеп Жарғысын өзгерту тәртібі

15.1. Мектеп жарғысына жаңа редакцияның мазмұнында көрсетілуі, бекітуі, өзгерістерді және толықтыруларды құрылтайшысы енгізеді.

15.2. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап қана нақты деп есептеледі. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізген сәттен кейін бір ай мерзім ішінде Ақмола облысы бойынша Әділет министрілігіне хабарлауға міндетті және ресімдеуге қажетті қызметті іске асырулары қажет.

16. Мектепті қайта құру және тарату тәртібі

16.1. Мектепті қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

16.2. Мектепті қайта құру немесе тарату жағдайы болса, оқушылардың басқа мектептерде оқу жылын аяқтау үшін жағдай жасалуы қажет.

16.3. Мектепті таратқан жағдайда немесе құқықты қабылдаушысы болмаған кезде Мектептің барлық құжаттамалары мемлекеттік мұрағатқа тапсырылады.

1. Общие положения

1.1. Коммунальное государственное учреждение «Улентинская средняя школа города Ерейментау» отдела образования Ерейментауского района (далее - Школа) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунальное государственное учреждение для осуществления образовательных функций.

1.2. Учредителем Школы является акимат Ерейментауского района.

1.3. Уполномоченным органом, а также органом, осуществляющим функции субъекта права в отношении имущества; органом управление школы, является государственное учреждение «Отдел образования Ерейментауского района».

1.4. Вид государственного учреждения: коммунальное.

1.5. Коммунальное государственное учреждение создано постановлением акимата Ерейментауского района от 27 августа 2015 года.

1.6. Полное наименование: Коммунальное государственное учреждение «Улентинская средняя школа » отдела образования Ерейментауского района.

1.7. Место нахождения: Республика Казахстан, 020811, Акмолинская область, Ерейментауский район, аул Уленты, улица М.Маметовой, №1а тел:8(716) 33 36-1-83.

2. Юридический статус

2.1. Школа считается созданной и приобретает права юридического лица с момента ее государственной регистрации.

2.2. Школа имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Школы на государственном и русском языке и штампы со своим наименованием на государственном и русском языке.

2.3. Школа не может создавать, а также выступать учредителем другого юридического лица.

2.4. Школа обладает обособленным имуществом, предоставленным на праве оперативного управления, отвечает по своим обязательствам находящимися в ее распоряжении деньгами. По договорным обязательствам ответственность Школы наступает в

пределах утвержденной сметы на содержание Школы. При недостаточности у Школы денег субсидиарную ответственность по ее обязательствам несет Учредитель.

2.5. Гражданско-правовые сделки Школы вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

